

«Шарбұлақ» жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының орынбасары Қ.Т.Батырбековтың 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығында атқарған жұмыстарының есебі.

2021-2022 оқу жылына арнаған жұмыс жоспары мектеп директорының қолы қойылып, мектеп мөрімен бекітілді. Жұмыс жоспары 6 бөлімнен құрылып, әрбір бөлім бойынша жұмыстар атқарылуда. Білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз ету жұмыстары да жоспарға кіріктірілді.

I. Ұйымдастырушылық жұмыс бойынша ;

- Қазақстан Республикасы заңдары мен білім саласындағы заңнамалық актілердің орындалуын сәйкес мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып талқылау, қажеттілігіне қарай бұйрықтармен мамандарға жауапкершілікке бекіліп беріліп келеді.

- «Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою және толықтыру» бойынша 2021-2023 жылдарға арналған, «ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасының алшақтығын төмендету», математика және қоғамдық пәндер мен жаңа технологиялар бойынша 2021-2023 жылдарға арналған «Жол картасын», «оқуға құштар мектеп» жобасының 2021-2025 жылдарға арналған мектепшілік, «Білім беру ұйымдарының педагог кадрларды курстан кейінгі сүйемелдеу жұмыстарын жетілдіру» мақсатындағы 2022-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын іске асыру жұмыстары жүргізіліп келеді.

II. Әдістемелік жұмыстар

Мектепте әдістемелік кеңес құрылған. Оған 11 пән әдіс бірлестіктері қамтылған. Оқу жылы басында мектеп ұжымымен талқылай келе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығы негізінде алынған 2021-2022 оқу жылына арналған (жаңартылған мазмұнның) оқу жоспары таңдап алынып, жұмыстар жүргізіліп келеді. Әрбір пән бірлестігі отырысында оқу жоспары талқыланып, тамыз маслихаты қаулыларында көрсетілген жұмыстар қамтылуда. Барлық мұғалімдердің КТЖ жоспары ПӘБ-те талқыланып, тексеріліп, мектеп директоры тарапынан бекітілді.

ПӘБ мүшелерінің келісімі бойынша апталық сағат жүктемесі бөлініп беріліп, әрбір жас маманға тәлімгер тағайындалды. Мұғалімдердің сағат жүктемесі негізінде сабақ кестесі тағайындалды. Мектептегі оқушылар санына сәйкес оқу II ауысымда жүргізіледі. Бастауыш сыныптар бойынша 1,4

сыныптар , жоғары сыныптар бойынша 8-11 сыныптар І ауысымда оқиды. Қалған сыныптар оқуын ІІ ауысымда жалғастыруда. Мектеп бойынша мұғалімдердің орташа сағат жүктемесі – 17,6 сағатты құрады. Сынып толымдылығына қарай мектепте 1-11 сыныптар бойынша 47 сынып жиынтығы, МАДС бойынша 4 сынып жиынтығы оқып, тәрбиеленуде. Барлығы 51 сынып жиынтығы. Олардан 43 сыныпта жекелеген пәндер (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2003 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығын, ҚР-сы Министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына сәйкес ҚРБЖҒМ жалпыға міндетті білім беру стандартын орындау мақсатында сынып толымдығы 20 және одан асқан) бөліп оқытылуда.

Оқу жылының басталуына орай негізгі пәндерден 10-18 қыркүйек айының аралығында бақылау, сынақ жұмыстары алынып , қорытындысы ПӘБ-де талқыланып , олқылықтармен жұмыс жасау міндеттері пән мұғалімдеріне бөлініп берілді. Сондай – ақ мектептің ҰБТ байланысты іс-шаралар жоспары талқыланып, алдағы атқарылатын жұмыстар тағайындалды. Тоқсандар барысында оқушылардан КТЖ-ға сәйкес БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бақылау) уақытылы алынып , тоқсан соңында ТЖБ –лар пәндерге сәйкес алынды. Мектептің бекіткен модерация кестесіне сәйкес модерация жүргізілді. Балл қою барысында стандартталған балдарды қою схемесынан ауытқушылық болған жоқ. Модерациядан кейін де оқушылардың балы өзгерген жоқ. Сынып журналдары электронды журналмен «Күнделік. KZ»жүргізіледі.

Оқу тоқсандарының соңында педагогикалық кеңесте оқушылардың тоқсандар бойынша оқу үлгерімі жайлы есеп берілді.

Оқу тоқсандары	Білім сапасы, %	Оқу үлгерімі %	Орташа балл
I-тоқсан	57,1%	100%	3,76
II-тоқсан	60,4%	100%	3,8

Оқу тоқсандарының барысында жас мамандар мен тәжірибесі аз мұғалімдер сабақтарына еніп, қажет болған жағдайда әдістемелік көмек көрсетілді. Барлық енген сабақтар саны-32 сабақ. Сондай-ақ, жас мамандар тәлімгерлерімен де әңгіме өткізіліп, қажетті көмектер жасалынды.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Батырбеков Қ.Т.